

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік
материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару
(жанарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік
комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

05.09.2017 ж.
сағ.: 11:00

Тендерлік комиссия құрамы:

Комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төраға орынбасарының м.а., тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М. Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.Н.Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқарма басшысының м.а., Т.А. Қалқаманов - ММРК «Резерв» РМК Бас директордың орынбасары, Ж. Т. Баякова – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспағандар: С.К. Сабырбаева - ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы – 2017 жылғы 3 тамыздағы №5347 хатына сәйкес «Қазақстан Республикасының қорғанысын жоспарлау» оқу курсына, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы – еңбекке уақытша жарамсыз).


Күн тәртібі:

1. Жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімін қарастыру.

Тендер 2017 жылғы 29 тамыздағы жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған Қазақстан Республикасының жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды



шығару бойынша тендерге қатысу өтінімдері келесі тұлғалардан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	Ж.т. Шарыпов Мархат Каирбекович	1	Астана қ. Жумабаева, көш., 11 үй, 49 пәтер	04.09.2017 ж.	17:36
	Барлық конверттер саны:	1			

Қағидалардың 11-тармағына сәйкестігін тендерлік комиссия тендерге қатысу өтінімдерін конверттер ашылғаннан кейін қарастырды.

1) Ж.т. Мархат Каирбекович Шарыповтың (№ 25 лот) тендерге қатысу өтінімі тігілген, нөмірленген 3 бетте:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 04.09.2017 жылғы №1699763259.0004 кассалық кіріс ордері.

1.Тендер комиссиясы қағидалардың 35 және 36-тармақтарына сәйкес тендерге қатысу өтінімін ашық түрде дауыс беру жолымен қарастырып, жалғыз қатысушы ретінде **№ 25 лот** бойынша өтінім бағасы **4 863 743 (төрт миллион сегіз жүз алпыс үш мың жеті жүз қырық үш) теңге 68 тиынмен Мархат Каирбекович Шарыповты** тендер жеңімпазы ретінде анықтау туралы **ШЕШІМ** қабылдады (Қағидалардың 35 т. сәйкес).

Осы аталған шешімге дауыс берді:
тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

2017 жылғы 5 қыркүйектегі өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы шығарылатын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор - ресурсында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).


Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 5 қыркүйектегі сағат 11.14-те жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 5 қыркүйектегі өзгерістерді есепке ала отырып

2017 жылғы шығарылатын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі, 6 парақта.


Комиссия төрағасының орынбасары:

Орынбеков Б. Ә.




Комиссия мүшелері:

Шәкірбаев М.С.




Иманбаев Н.М.



Рахаев М.Н.



Әжіғұлова М.Ж.



Қалқаманов Т.А.



Комиссия хатшысы:

Баякова Ж.Т.

